

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 27 тамыздағы
№ 384 бүйрекіна
қосымша

**Сурдопедагогтар мен арнайы білім беру ұйымдарының
мұғалімдеріне арналған «Ым-ишара тілі және сурдоаударма негіздері»
тақырыбындағы біліктілікті арттыру курстарының білім беру
бағдарламасы (80 сағат)**

Бағдарлама авторы:

Даурамбекова Асия Абеновна –
әл.ғ.м., аға оқытушы, Абай
атындағы ҚазҰПУ-і, «Арнайы
педагогика» кафедрасы

Алматы, 2023

**Сурдопедагогтар мен арнайы білім беру ұйымдарының
мұғалімдеріне арналған «ҰІм-ишара тілі және сурдоаударма негіздері»
тақырыбындағы біліктілікті арттыру курстарының білім беру
бағдарламасы (80 сағат)**

1. Жалпы ереже

1. «ҰІм-ишара тілі және сурдоаударма негіздері» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы (әрі қарай - Бағдарлама) сурдопедагогтар мен арнайы білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне арналған (80 сағат).

2. Бағдарлама білім беруді дамытудың негізгі бағыттарының инновациялық форматына және Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйксесту қабілеті зақымдалған тұлғаларға сурдоаударма қызметтерін көрсету саласында қажетті теориялық білім мен практикалық дағдыларды қамтамасыз етуге бағытталған.

2. Глосарий

Билингвизм – қос тілділік, екі тілді бірдей жетік менгеру (мысалы, сөздік сөйлеу – ым-ишараттық сөйлеу тілі).

Естімейтіндердің қолдық әліпбі – әліпби әріптерін саусақтар мен қол білесігінің белгілі бір жағдайының көмегімен белгілеу.

Ауызша әдіс – білімді тыңдау немесе оқу жолымен енжар қабылдау әдісі.

Мәнерлі қимыл – бет әлпетінің (мимика), дене қимылдарының (пантомимика) және сөйлеу екпіндерінің (дауыстық мимика) өзгеруі.

Саусақтық гимнастика – саусақтар қозғалыстарына арналған жаттығулар жүйесі.

Естімеушілік – есту қызметінің мүлдем болмауы немесе оның сөйлеу тілін қабылдау мүмкін болмайтында күрт төмендеуі.

Дактиология – сауатты адамдардың қолдық әліпби көмегімен қатынас тәсілі.

Дактилема – әліпбидің дактиленетін әрібі.

ҰІм – дене қимылы, көп жағдайда қол сермей, қол бұлғау, әдетте саңырау адамның сөзіне ілеседі (ым-ишараттық сөйлеу тілі).

ҰІмдау – қолдарымен ишарат жасау.

Калькаланған ым-ишараттық сөйлеу тілі (КЫС) – сөйлеу тіліне ым-ишаратты үлестіру: әрбір сөзben бірге оған сәйкес ым орындалады.

ҰІм-ишараттық сөздік – сөздік, сөздің адам менгерген ым-ишараттық коры.

Мимика – сезімге ілескен, және оның сыртқы бейнесі болып табылатын бет-әлпет бұлшық ет қимылдарының жиынтығы.

Көп мағыналық (ым-ишарал үшін) – қандай да бір ымның бірнеше мағынасының болуы.

Дактилдеу ережесі – дактилдеу тәртібі.

3. Бағдарлама тақырыптары

Модульдер	Тақырыптары
1. НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ МОДУЛЬ	<p>1.1 Сурдоудармашының қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық күжаттар:</p> <p>Қазақстан Республикасында мүгедек адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және түрмис сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарды бекіту туралы.</p> <p>Қазақстан Республикасында Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы.</p> <p>1.2 Үм-ишара тілін қолдану мәртебесі туралы</p>
2. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МОДУЛЬ	<p>2.1 Есту қабілеті бұзылған адамдардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы.</p> <p>2.2 Есту қабілеті бұзылған адамдардың жіктелуі</p> <p>2.3 Есту қабілетінің бұзылуын диагностикалау мен түзетудің заманауи әдістері</p> <p>2.4 Үм-ишара сөйлеу когнитивті функцияларды қалыптастыру құралы ретінде</p> <p>2.5 Есту қабілеті бұзылған адамдарды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу</p>
3. МАЗМҰНДЫҚ МОДУЛЬ	<p>3.1 Есту қабілеті зақымдалған тұлғалардың коммуникация құралдары</p> <p>3.2 Дактильді сөйлеу тілі есту қабілеті бұзылған адамдармен қарым-қатынас түрі ретінде. Дактилдеудің практикалық дағдылары</p> <p>3.3 Үм-ишара тілінің лингвистикалық құрылымы</p> <p>3.4 Үм-ишара тілінің лексикасы мен грамматикасы</p> <p>3.5 Ауызекі ым-ишара тілі</p> <p>3.6 Калькалық (көшірме) ым-ишара тілі</p> <p>3.7 Сурдоудармашысының кәсіби этикасы</p> <p>3.8 Практикум. Мәтіндердің сурдоудармасы</p>
4. ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МОДУЛЬ	<p>4.1 Қимылдар мен ым-ишара тілдерін автоматты түрде танудың компьютерлік модельдері</p> <p>4.2 Ақпараттық индукциялық жүйелер-аудио ақпаратты микрофоннан тікелей есту аппаратына жіберетін құрылғылар</p> <p>4.3 Динамикалық көрсету құралдары (диафильмдер, бейнекинофильмдер, кинофильмдер немесе олардың фрагменттері, компьютерлер, ОТК)</p> <p>4.4 Сурдоударманы ұйымдастыруда қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану әдістемесі</p>
5. ВАРИАТИВТІК МОДУЛЬ	5.1 Мектеп-интернат мұғалімдері мен оқушыларының ым-

	ишара тілін қолдану мәселелері
	5.1 Сурдоудармашы мәртебесін әдістемелік қолдау, корпоративтік этика
	5.2 Ұм-ишара тілдің әлеуметтік-құқықтық мәртебесі
	5.2 Балаларда ауызша сөйлеудің даму деңгейіне байланысты ым-ишара тілін түсіну ерекшеліктері

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты: курс бағдарламасына сәйкес тілдің лексикалық-грамматикалық ерекшеліктерін ескере отырып, ым-ишара тілінде сөйлеу және сурдоударма дағдыларын қалыптастыру бойынша білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру.

Бағдарлама міндеттері:

- 1) білім алушыларды есту қабілеті зақымдалған тұлғалардың коммуникативті қызмет жүйесімен таныстыру;
- 2) сурдоударманың теориялық және практикалық аспектілерін пайдалану дағдыларын жетілдіру;
- 3) жалпы және арнайы педагогикаға қатысты ғылыми терминдер мен анықтамалардың ым-ишара белгілерін меңгеру;
- 4) ым-ишара тілі арқылы сөйлеуді және ым-ишара тіліне тікелей аударуды жүзеге асыру;

Күтілетін оқу нәтижелері.

Курс соңында тындаушылар:

- 1) білім алушылар есту қабілеті бұзылған адамдардың коммуникативті қызмет (вербальды емес) жүйесімен танысады;
- 2) сурдоударманың теориялық және практикалық аспектілерін пайдалану дағдыларын жетілдіру туралы білім алады;
- 3) жалпы және арнайы педагогикаға қатысты ғылыми терминдер мен анықтамалардың ым-ишара белгілерімен танысып, меңгереді;
- 4) ым-ишара тілі арқылы сөйлеуді және ым-ишара тіліне тікелей аударманы жүзеге асырады;

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Білім беру бағдарламасы 5 модульден тұрады:

- 1) нормативтік-құқықтық;
- 2) психологиялық-педагогикалық;
- 3) мазмұндық;
- 4) технологиялық;
- 5) вариативтік.

1-модуль. Нормативтік-құқықтық. Модульде ұсынылған дәрістердің тақырыптары тындаушыларға Қазақстан Республикасында есту қабілеті

закымдалған тұлғаларға әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттары мен сурдоудармашының қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттармен танысуға мүмкіндік береді.

2-модуль. Психологиялық-педагогикалық. Модульді зерделеу барысында тыңдаушылар есту қабілеті бұзылған адамдардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасымен, есту бұзылыстарын топтастыру, есту қабілетінің бұзылуын диагностикалау мен түзетудің заманауи әдістерімен танысады. Есту қабілеті закымдалған тұлғаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу әдіс-тәсілдерін қарастырады.

3-модуль. Мазмұндық.

Модульді зерделеу барысында тыңдаушылар ым-ишара тілін оқыту әдістемесімен; ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалармен қарым-қатынас барысында сурдоудармашы қызметінің негіздерімен танысады. Ауыр есту депривация жағдайында ым-ишара тілі арқылы ауызша сөйлеудің (синхронды, дәйекті) тікелей аударма ерекшеліктерімен танысады. Үм-ишара тіліне аударуды пайдаланып, сабактарды (диалогтарды) ұйымдастыру және өткізу ерекшеліктері туралы білім алады.

4-модуль. Технологиялық.

Тыңдаушылар сурдоудармашының кәсіби қызметінде әдіс-тәсілдер, құралдар мен ақпараттық технологияларды қолдану аясымен Менгереді; "Сурдофон", "Zardoz", "TEAM" жүйелерінің көмегімен қимылдар мен ым-ишара тілдерін автоматты түрде танудың компьютерлік модельдерімен танысады. Дөңгелек үстелде сурдоударма процестерін басқарудың және арнайы білім беру ұйымдарында тәжірибелі «етіл»рудің өзекті мәселелерін талқылауға мүмкіндік алады.

5-модуль. Вариативтік.

Бұл модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс саулнамасымен анықталады. Бұл модуль сурдопедагогтар мен арнайы білім беру ұйымдарының оқушыларының ым-ишара тілін қолдану ерекшеліктерін ашады.

6. Оқыту процесін ұйымдастыру

Курстар келесі режимде ұйымдастырылады:

Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспары (бұдан әрі - ОТЖ) бойынша курс күндізгі (қашықтан) оқыту режимінде ұйымдастырылады. Оқу курсының ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

Білім беру процесі біліктілікті арттырудың әрекеттік сипатын қамтамасыз ететін оқыту әдістері мен формаларын қамтиды: дәріс, тандау бойынша дәрістер, тренингтер, практикалық жұмыс, дөңгелек үстел, өзіндік жұмыс.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін білім беру процесін ұйымдастыру кезінде кіріс және шығыс саулнамасы қарастырылған, тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау

мақсатында «Ым-ишара тілі және сурдоаударма негіздері» таныстырылымы өткізіледі.

Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін кіріс және шығыс сауалнама көзделген, тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында «Аударма қызметін оқытуда жаттығуларды әзірлеу – тікелей, кері, дәйекті, синхронды аударма» тақырыбы бойынша қорытынды бағалау өткізіледі.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

**Сурдопедагогтар мен арнайы білім беру үйымдарының
мұғалімдеріне арналған «Ым-ишара тілі және сурдоаударма негіздері»
тақырыбындағы біліктілікті арттыру курстарының білім беру
бағдарламасы (80 сағат)**

№ п/с	Сабак тақырыбы							Барлығы
		Дәріс	Тәжірибелік сабак	Тренинг	Таңдау дәрісі	Бікшамсаңақ	Дәңгелек үстел	
1.	НОРМАТИВТІК МОДУЛЬ	4						4
1.1	1.1 Сурдоаудармашының қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар Қазақстан Республикасында мүгедек адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарды бекіту туралы. Қазақстан Республикасында Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы.	2						2
1.2	1.2 Ым-ишара тілін қолдану мәртебесі туралы	2						2
2	ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МОДУЛЬ	10	8					18
2.1	Есту қабілеті бұзылған адамдардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы.	2	2					4
2.2	Есту қабілеті бұзылған адамдардың жіктелуі	2						2
2.3	Есту қабілетінің бұзылуын диагностикалау	2	2					4

	мен түзетудің заманауи әдістері								
2.4	Ым-ишара сөйлеу когнитивті функцияларды қалыптастыру құралы ретінде	2	2						4
2.5	Есту қабілеті бұзылған адамдарды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу	2	2						4
3.	МАЗМҰНДЫҚ МОДУЛЬ	14	16	8	4				42
3.1	Есту қабілеті зақымдалған тұлғалардың коммуникация құралдары	2							2
3.2	Дактильді сөйлеу тілі есту қабілеті бұзылған адамдармен қарым-қатынас түрі ретінде. Дактилдеудің практикалық дағдылары	3	3						6
3.3	Ым-ишара тілінің лингвистикалық құрылымы	2	2						4
3.4	Ым-ишара тілінің лексикасы мен грамматикасы	2	4						6
3.5	Ауызекі ым-ишара тілі	4	2						6
3.6	Калькалық (көшірме) ым-ишара тілі	2	2						4
3.7	Сурдоаудармашының кәсіби этикасы	1		1					2
3.8	Практикум. Мәтіндердің сурдоаудармасы	6	6						12
4	ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МОДУЛЬ	4	4			2	2		12
4.1	Қимылдар мен ым-ишара тілдерін автоматты турде танудың компьютерлік модельдері	2	2						4
4.2	Ақпараттық индукциялық жүйелер-аудио ақпаратты микрофоннан тікелей есту аппаратына жіберетін құрылғылар	2	2						4
4.3	Динамикалық көрсету құралдары (диафильмдер, бейнефильмдер, кинофильмдер немесе олардың фрагменттері, компьютерлер, ОТК)		2						2
4.4	Сурдоаударманы ұйымдастыруда қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану әдістемесі	2							2
5	ВАРИАТИВТІК МОДУЛЬ				4				4
5.1	Мектеп-интернат мұғалімдері мен оқушыларының ым-ишара тілін қолдану мәселелері					2			2
	Сурдоаудармашы мәртебесін әдістемелік қолдау, корпоративтік этика								
5.2	Ым-ишара тілдің әлеуметтік-құқықтық мәртебесі				2				2
	Балаларда ауызша сөйлеудің даму деңгейіне байланысты ым-ишара тілін түсіну ерекшеліктері								
	Барлығы	32	28	8	4	4	2	2	80

Ескеरту: Курстың бір академиялық сағаты 45 минутты құрайды (педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларына сәйкес/

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 7 тамыздағы №249 бұйрығы).

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін «Ым-ишара тілі және сурдоаударма негіздері» тақырыбының таныстырылымы өткізіледі.

Мақсаты – осы біліктілікті арттыру бағдарламасының модульдерін менгеру нәтижелері бойынша сурдоаударма процесін ұйымдастыруды инновациялық тәсілдерді түсіну мен қолдануды бағалау.

«Ым-ишара тілі және сурдоаударма негіздері» таныстырылымын бағалау критерийлері (5 слайдтан артық емес):

«Ым-ишара тілі және сурдоаударма негіздері» таныстырылымын бағалау бойынша қорытынды ең жоғары – 15 балл.

Таныстырылым келесі шәкілдер арқылы бағаланады: 0 – дәлелдемелер ұсынылмады, 1 – дәлелдемелер әлсіз, 2 – дәлелдемелер қүшті, 3 – дәлелдемелер өте қүшті (*әрбір критерий бойынша максималды балл - 3). Таныстырылымның ұзақтығы: 5-7 минут*)

№	Бағалау критерийлері	Баллдар				Қорытынды
		0	1	2	3	
1	Аударма теориясы мен практикасы. Алынған білімнің жүйелілігі, толықтығы, пәнаралық сипаты.					
2	Аударма қызметінің ерекшелігі теориялық ережелерді практикалық мысалдармен раставу. Қимылдың құрылымы: конфигурация және қозғалыс қимылдың негізгі құрылымдық элементтерінің сақталуы.					
3	Сурдоаударма процесі. Мәтінді қабылдау және оны аудару. Синхронды тікелей аударма. Бірізді тікелей аударма; Бірізді кері және синхронды аударма.					
4	Кәсіби этика функциялары. (мамандықтың мәні, мазмұны және кәсіби бағыты).					
5	Байланысының барлық құралдарын қолдана отырып, мәтінді ым-ишара тіліне аудару. Өзінің кәсіби ұстанымын көрсету.					
Қорытынды балл (max – 15 балл)						

9. Курстан кейінгі қолдау

1-кезең – куратордың (оқытушының) консультациялар курсын, әртүрлі байланыс құралдарын (e-mail, мессенджерлер, әлеуметтік желілер (WhatsApp және т.б.), сервистер (Google - Duo, Hangouts және т. б.), Интернет – платформаны қолдана отырып, он-лайн іс-шараларды өткізуі;

2-кезең – pilottyk ұйымның жұмыс тәжірибесін (тындаушылардың құзыреттілігін) электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер арқылы зерделеу. Оларды қажетті әдістемелік және цифрлық ресурстармен қамтамасыз ету, әдістемелік десанттарды жүзеге асыру;

3-кезең – куратор (оқытушы) тындаушылардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға қажетті қолдауды жүзеге асырады:

- семинарларда, дәнгелек үстелдерде сөз сөйлеу (аймақтық, облыстық, респубикалық деңгейдегі);

- кәсіби конкурстарға қатысу (облыстық, респубикалық деңгейдегі);

- сараптама тобының құрамына қатысу (жұмыстар және т. б.);

- облыстық, респубикалық және халықаралық деңгейдегі басылымдарда, БАҚ-тағылыми-әдістемелік мақалалар жариялау (авторлық бірлестікте болуы мүмкін).

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында мүгедек адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 326 қаулысы.

2. Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 263 бұйрығы. (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 29 маусым, № 32941).

3. В мире жестов. Тематический словарь жестового языка глухих граждан Казахстана/ Ергалиева А.У., Кошикова Ж.И., Рыжая Е.В. - Центр поддержки глухих инвалидов «Умыт». - Алматы, 2007 г. С. 401.

4. Білім беру ұйымдарында ындау тілін қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулық/ А.Т. Баймұратова, Г.А.Абаева, Н.Ю. Преображенская– Алматы: ТП ҰФПО, 2019. – 58 б.

5. Зайцева Г.Л. Жестовая речь. Дактилология: Учеб. для студ. высш. учеб. заведений. / Г.Л. Зайцева– М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2000. – 192 с.

6. Димскис Л.С. Изучаем жестовый язык: Учеб. пособие для студ. дефектол. фак. высш. пед. учеб. заведений. / Л.С. Димскис– М.: Издательский центр «Академия», 2002. – 128 с.

7. Димскис Л.С. Основы сурдоперевода: учеб.пособие / Л.С.Димскис. – Минск: ГИУСТ БГУ, 2011. - 312 с.

8. Фрадкина, Р.Н Говорящие руки: тематический словарь жестового языка глухих России / Р.Н.Фрадкина. – Москва. – 2011. – 597с.

9. Теория русского жестового языка: учебник для вузов/ А.Е. Харламенков — 2-е изд., перераб. и доп.— Москва: Издательство Юрайт, 2023.— 308с.

10. Русакович, И.К. Методика развития жестовой речи: электронное учеб.-метод. пособие / Т.А. Григорьева, И.К. Русакович. – Минск : УИЦ БГПУ, 2016.

11. Драга, Д.В. Русский жестовый язык с дополненной реальностью, Москва: 2021, 666 с.

Қосымша әдебиеттер:

1. Видеокурс «Жесты»: компьютерная система [Электронный ресурс]: Электрон. дан. и прогр. (1,65 ГБ). – Mn.: Академия МВД+БелОГ, 2009. – 1 электрон. опт. диск (DVD-R) : зв., цв.

2. Словарь русского жестового языка / В.З. Базоев, Г.Н. Гаврилова, И.А. Егорова, В.В. Ежова, Т.П. Давыденко, Н.А. Чаушьян.

3. Словарь русского жестового языка /Базоев В.З., Гаврилова Г.Н., Егорова И.А., Ежова Е.Е., Давыденко Т.П., Чаушьян Н.А., Флинта, 2023, с.528.

4. <http://www.tmig.su/> Официальный сайт театра мимики и жеста.

5. <http://sluhnet.ru/> Официальный сайт Межрегиональной общественной организации «Объединение слабослышащих».